

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 830

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес және кеніштерді перспективалы пайдалану мен олардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне инвестициялық тендерде сату үшін "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы акцияларының оның жарғылық қорының 90 проценті мөлшеріндегі мемлекеттік пакетін берсін.

Маңғыстау облысының әкімімен бірлесе отырып, бір апта мерзім ішінде "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының облыс әкімінің балансына берілуге тиісті әлеуметтік сала объектілерінің тізбесін айқындасын және бір ай мерзім ішінде олардың өткізу сәтіндегі жай-күйінде берілуін жүзеге асыратын болсын.

Маңғыстау облысының әкімі қабылданатын әлеуметтік сала мекемелерінің жүйесін оңтайландыруды ескере отырып, осы мекемелерді жергілікті бюджеттен қаржыландыру мәселесін шешетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мамандарының қатысуымен "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы акцияларының оның жарғылық қорының 90 проценті мөлшеріндегі мемлекеттік пакетін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес инвестициялық тендерде сататын болсын.

3. "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының "Қаламқас" мұнай

газ өндіру басқармасын жекешелендіру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 маусымдағы N 728 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК